



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2022 жылға арналған Қазақстан Республикасының төлем балансын
алдын ала бағалау туралы

2023 жыл, 31 қаңтар

Қазақстан Ұлттық Банкі 2022 жылдың қорытындысы бойынша төлем балансының **алдын ала бағалауын** қалыптастырды.

Төлем балансының **ағымдағы шоты 6,3 млрд АҚШ доллар** көлемінде **профицитпен** қалыптасты. 2021 жылдың қорытындысы бойынша, **7,9 млрд АҚШ доллары** мөлшерінде тапшылық байқалды.

Ағымдағы шоттың терістен оң аймаққа өтуі **сауда балансының** жақсаруымен байланысты, оның профициті – **35,1 млрд АҚШ доллары**. Бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 16,4 млрд АҚШ долларға (87,3%) айтарлықтай жақсарды. Профициттің өсуі тауар экспортының импорттан асып түсетін өсу қарқынымен қамтамасыз етіледі.

Тауар **экспорты** өткен жылмен салыстырғанда **40,7%-ға** өсіп, **84,8 млрд АҚШ долларына** жетті. Тауар экспорты тұрақты сыртқы сұраныспен және шикізатқа, атап айтқанда, мұнайға деген әлемдік бағаның жоғары деңгейімен қамтамасыз етілді. Сондықтан, **мұнай экспорты** мен газ конденсаты **50,9%-ға** өсіп, **46,9 млрд АҚШ долларын** құрады.

Тауар **импорты**, өз кезегінде, аралық (19,5%-ға немесе 3,9 млрд. АҚШ доллары) және азық-түлікке жатпайтын тұтыну тауарлары (33,0%-ға немесе 2,9 млрд. доллар) импортының ұлғаюуы есебінен **19,6%-ға** өсіп, **49,7 млрд АҚШ долларына** жетті.

Тікелей шетелдік инвесторлардың **кірісі** де есепті кезеңде 15,1%-ға (немесе **3,4 млрд АҚШ долларына**) өсіп, **26,3 млрд долларды** құрады. Тұтастай алғанда, тауар экспортының өсуі шетелдік инвесторларға кіріс төлемдерінің ұлғаюуымен қатар жүреді.

Қаржы шотында (резервтік активтерді қоспағанда) **7,0 млрд АҚШ доллары** көлемінде оң сальдоның қалыптасуы – сыртқы активтердің ұлғаюын және резиденттерге тән сыртқы міндеттемелердің төмендеуін білдіреді (2021 жылы **2,4 млрд АҚШ доллары** көлемінде таза кіріс байқалды). Қаржы шотының оң сальдосы, негізінен, мемлекеттік сектордың операцияларымен қамтамасыз етіледі.

Резервтік активтер (Ұлттық қордың активтерін қоспағанда) 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша **35,1 млрд АҚШ долларына** бағаланды. Бұл қазақстандық тауарлар мен қызметтер импортының 7,2 айындағы қаржыландыру қажеттілігін жабады.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz